

Automatic Voltage Regulator (AVR)

PowerWalker AVR 1200

PowerWalker AVR 1000

PowerWalker AVR 600




Quick Start Guide

KZ

1. Кіріспе

Power Walker өнімін сатып алғаныңызға рахмет. Бұл топтамалар тізбегі осал электрондық құралдарды электр қуатының уақытша тоқтатылуы немесе электр қуатының ағылуынан қорғау үшін вольтаж дәрежесін аутоматтық тұрақтандыруды қамтамасыз ету үшін жасалған. Оның сәнді және бейімделгіш сандықшасын үстел үстіне немесе қабырғаларға орнатуға болады, сиықсыз және жөнсіз көрінеді деп уайымдамайсыз, және аз орын алады. Бұл тізбектер өзіне қосылып тұрған құралға ұзақ уақыт таза қуат көзін қамтамасыз ететін бір қадам көбейтіп, бір қадам азайтып тұратын тұрақтандырғыш ұсынады.

2. Өнімге Шолу



- | | |
|--|-----------------------------------|
| 1. Шығару қуат көзіне қосқыш(қосылатын құрал үшін) | 5. Қуат айырып-қосқыш |
| 2. Өзгермелі электр ағым қабылдағыш | 6. Қуат СШД (сәуле шығарғыш диод) |
| 3. Аутоматтық қуат ағымын тоқтатқыш | 7. Көбею/Азаю СШД |
| 4. Модем/телефон байланысын қорғаушы | |

Құралды Қабырғаға Ілу

Құралды қабырғаға ілуге болады. Келесі қадамдарды жасаңыз:

- Мына парақты қабырғаға жапсырып қойыңыз.
- Үшкір шегемен екі тесіктің нақ ортасын белгілеңіз.
(төмендегі 1-кестені қараңыз)
- Құралды тесіктерді шегеге кигізіп, орнатыңыз.
(2-кестені қараңыз)




Chart 1



128 mm



3. Орнату және бастапқы бастамалар

Тексеру

Құралды қорабынан шығарып, тасымалдау кезінде заттың бүлінген-бүлінбегенін тексеріп алыңыз. Егер зат бүлінсе, тасымалдаушыға және сатып алған жеріңізге хабарлаңыз.

Орналастыру & Сақтау шаралары

Құралды шаңнан қорғалған және қажетті ауа ағымы бар жерге орнатыңыз. Кедергі болмас үшін АВР-ні басқа құралдардан кем дегенде 2.5 см алыс қойыңыз. Құралдың үстіңгі жағындағы немесе шетіндегі желдеткішті жауып тастамаңыз.



Құралды сыртқы температура немесе сыртқы ылғалдығы сипаттамадағы шектеулерге сәйкес келмейтін ортада қолдануға болмайды. Құралды шаңды, механикалық тербеулер болуы мүмкін, тұтанғыш газдар бар, және жарылғыш немесе замыр ортада қолданбаңыз.



- **Қабырғадағы Қуат Көзіне қосу**

Құралдың қуат қабылдағыш сымын қабырғадағы қуат көзіне қосыңыз.

- **Сымды қосу**

Сымның екінші жағын құралдың сыртқы қуатқа қосқышына жалғаңыз және құралдың қабырғасындағы ҚОСУ/АЙЫРУ түймелерінің «ҚОСУ» түймесін басыңыз. Сонда ғана байланысқан құралдар қуат алады.

- **Модемді/Телефон Байланыстарын қорғауды қосу(Тек қана RJ-11 үлгісі үшін)**

Модем/телефон байланысын АВР-дің «қабылдау» деп белгіленген қосқышына жалғаңыз. «Шығару» қосқышын телефон байланыс кабелі бар компьютерге жалғаңыз.

- **Құралдың Қосу/Айыру түймелері**

Құралды «Қосу» түймесін басып қосыңыз. Бұл түймелер барлық құралдарды басқаратын кілт түймелер.

4. Маңызды Қауіпсіздік Експертелер (БҰЛ НҰСҚАМАНЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ)

Вольтаж реттеушіні қауіпсіздікпен қолдану үшін барлық нұсқауларды жақсылап оқып шығыңыз және бұлжытпай орындаңыз. Қорапты ашып, орнатып іске қосқанға дейін мына нұсқаманы жақсылап оқып шығыңыз. Бұл ықшам нұсқаманы келешекте де қолданасыз.

- **ЕСКЕРТУ:** Бұл құрал 50 герц жиілікте және синусоидтық толқынды ортада ғана қолдануға арналған. Басқа жиіліктер мен толқын түрлері вольтаж аралығы мен қосқыштар қызметіне әсер етеді.
- **ЕСКЕРТУ:** Бұл құралды тура вольтажды немесе жасанды синусоидтық толқын ортасында тоққа қоспаңыз.
- **ЕСКЕРТУ!** Электр шоғы мен өрттің алдын алу үшін, лас өткізгіш ауадан ада, температурасы мен ылғалдығы бақыланған жабық аймақта орнатыңыз. (Қажетті температура мен ылғалдық туралы ақпаратты сипаттамадан қараңыз.)

5. Қолдану

- **ЕСКЕРТУ:** Вольтаж реттегішке қосылатын құралдардың қуат тұтынуы құралдың шамасынан* тыс болмауы керек*. Шамасынан* тыс жүктеу жарылысқа әкелуі мүмкін.
(*Құралдың шамасы туралы ақпаратты сипаттамасынан қараңыз.)
- Вольтаж реттеуші вольтажға осал құралдармен қолдануға арналған: үй компьютері, монитор, сиялы принтер, сканнер, факс сияқты. Сондай-ақ, теледидар, стерео, СД ойнатқыш, видео және ДВД ойнатқыш, дерек қорытатын құрал, модемдер, басатын машина, калькуляторлар және телефон құралдары сияқты үй электронды заттарымен қолдануға арналған.
- Бұл өніммен қолдануға болмайтын заттар қатарына мұздатқыш, қуат аспаптары, ауа желдеткіш, құрғатушылар, араластырғыштар, немесе ӨЭ моторын қолданатын кез-келген құрал жатады. Кішкентай жанармай генераторымен қолдануға болмайды. Сондай-ақ, өмір қолдайтын құралдармен қолдануға болмайды.
- Вольтаж реттегішті Тоқтатпай Электрлендіру Жүйесімен (ТЭЖ) қолданғанда, алдымен ТЭЖ-ді осы құралға қосып алыңыз, содан кейін құралды қабырғадағы қуат көзіне жалғаңыз.

6. Жөндеу

Бұл өнімді қолданардың алдында Қуат СШД токқа қосылып тұрғанын/тұрмағанын тексеріңіз. Егер қосылып тұрмаса, келесі қадамдарды тексеріңіз.

1. Қуат көздерін тексеріңіз.
2. Қуат сымның дұрыс қосылып тұрғанын тексеріңіз.
3. Құралдардың бұл өнімге дұрыс қосылып тұрғанын тексеріңіз.
4. Бұл өнімнің өзінің қосылып тұрғанын/тұрмағанын тексеріңіз.

Мәселе	Себебі	Шешуі
Қосқыш сөндірулі.	Құрал шамадан аса жүктелген.	Алдымен жүгін азайтыңыз. Қосу түймесін қайта басыңыз.
Құрал аутоматты түрде өшірілген және Қуат СШД жанып тұрған жоқ.	Құрал қызып кеткен. Ішкі сақтау жүйесі іске қосылған.	Жүгін азайтып, салқындағанша күтіңіз. Қайтадан қосыңыз.

7. Сипаттамасы

Үлгі	ABP 600	ABP 1000	ABP 1200
Қуаттылығы	600В / 360В	1000ВА / 600Ватт	1200ВА / 720Ватт
Қабылдау Вольтаж	230 ӨЭВ		
Қабылдау Вольтаж Аралығы	180 – 264ӨЭВ		
Қабылданатын Жиілік	50Г		
Вольтаж Реттеу	+/-12%		
Шығатын АВР	+/-8%		
КӨРСЕТКІШ			
Қуат СШД	Жасыл жарық		
Көбею/Азаю СШД	Қызыл жарық		
ҚОРҒАУ			
Толық Қорғау	Қысқа орам, шамадан тыс жүктеу, және жоғары температурадан қорғау		
ФИЗИКАЛЫҚ			
Өлшемдер (ДхСхБ)	166мм x 161мм x 86.7мм		
Салмағы (кг)	1.7	2.0	2.1
Ортасы			
Ылғалдық	0-90% RH @ 0-40° С (құрғақ)		
Шу деңгейі	40 децибелден төмен		